кез келген қоғамдық өндіріс адамдардың бірлескен, ұжымдық қызметін көздейді. Бұл ретте әңгіме өндіріс процесіндегі адамдар арасындағы қатынастар туралы болып отыр. Адамдардың бірлескен еңбек процесіндегі олардың еңбегін пайдалану жөніндегі адамдар арасында қалыптасқан барлық қатынастардың жиынтығы еңбекті қоғамдық ұйымдастыру (қоғамның немесе жеке кәсіпорын ауқымында) ұғымы туралы түсінік береді. Бұл орайда өндірістің техникалық жарактануына адамдардың бірлескен қызметінің тиімділігі байланысты болады.

Еңбекті қоғамдық ұйымдастыру элементтері қатарына мыналар жатады: қоғамның еңбек ресурстарының болуы мен олардың жай-күйі, еңбекті бөлу мен кооперациялау, еңбек тәртібін қамтамасыз ету және бірлескен еңбек процесін басқару, еңбек шараларын және өндірістің басқа да жағдайларын белгілеу, өндірілген өнімді бөлу тәртібі мен осы процеске өндірушілердің өздерінің қатысу деңгейі, жұмыс күшін ұдайы ұлғайту.

Еңбекті қорғауды басқару жүйесі ұйымдастырушылық, техникалық, жылу техникалық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық, физикалық және басқа да ережелер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған шаралар мен критерийлерді белгілейді және міндетті түрде:

- кәсіпорын мен оның бөлімшелерінде еңбектің қорғалуын ұйымдастыруға жауапты тұлғаларды тағайындауды;
- түрлі жұмыс орындары үшін (кеңсе қызметкерлерін қоса алғанда) қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтардың әзірленуін;
- қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама жүргізу тәртібін;
- қызметкерлердің кәсіби дайындығын, физикалық жай-күйін, денсаулық жағдайын ескере отырып, іріктеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды;
- кәсіпорын қызметкерлерінің қауіпсіздік техникасы мен өндірістік нысандарды пайдалану ережелері бойынша барлық талаптар мен нұсқаулықтарды сақтауын бақылауды жүзеге асыруды қарастыруы тиіс.


3.4 Электр тиегіштің жеткілікті жүккөтергіштігін анықтау

Телескопиялық раманың орнына байланысты ЭП-1639 электр тиегіштің жеткілікті жүккөтергіштігін анықтау (3.1- сурет).

Жағдайы: Телескопиялық раманың орналасуына байланысты, ЭП-301 электр тиегіштің жүкті көтеру мүмкіндігін анықтау [13, 15]:

- 1) $\alpha = 0$ вертикаль орналасу; 2) $\alpha = 10^\circ$ болғандағы алдыға жылжу;
- 3) $\alpha = 10^\circ$ болғанда артқа жылжу.

Есеп үшін төмендегі мәліметтерді қолданамыз. Электр жүк тиегіштің салмағы $G = 1400$ кгс; $h_1 = 0.7$ м, $h = 2$ м, $C = 1$ м, $d = 0,8$ м; үдеулік жылдамдығы $a = 2$ м/с.



3.1 - сурет – Электртиегішке әсер етуші жүктеменің сұлбасы

1) Телескопиялық раманың вертикаль орналасуы кезінде, жүк тиегіштің шамасы:

$$G_{\text{ГР}} = \frac{G \cdot d - \frac{G \cdot a}{g} h_1}{c + \frac{a}{g} h} = \frac{1400 \cdot 0.8 - \frac{1400 \cdot 2}{9.81} \cdot 0.7}{1 + \frac{2}{9.81} \cdot 2} = 668 \text{ кгк};$$

Жүк тиегіштің қауіпсіз эксплуатациялануы үшін қозғалыс үдегенде $a = 2 \text{ м/с}^2$ және жүк көтеру биіктігі 2 м болуы қажет, және де жүк салмағы 668кгс тен аспау керек.

2) раманың алдыға $\alpha = 10^\circ$ көлбеу болғанда, жүктіегіштің жүк көтеруі:

$$G = \frac{1400 \cdot 0.8 - \frac{1400 \cdot 2}{9.81} \cdot 0.7}{1 + \frac{2}{9.81} \cdot 2 + 2 \text{tg}10^\circ} = 526 \text{ кгк};$$

Раманың 10° -қа көлбеу болуы, жүктіегіштің жүк көтеруін 22 %-ға төмендетеді.

3) $\alpha = 10^\circ$ -артқа қарай көлбеу жүктіегіштің жүк көтергіштігі:

$$G_{\text{зр}} = \frac{1400 \cdot 0.8 - \frac{1400 \cdot 2}{9.81} \cdot 0.7}{1 + \frac{2}{9.81} \cdot 2 - 2 \text{tg}10^\circ} = 770 \text{ кгс}.$$

Қорытынды: Сондықтан раманың, артқа қарай көлбеулігі 10^0 болса, электртиегіштің жүк көтергіштігі 14%-ға артады.

Телескопиялық раманың вертикаль орналасуы кезінде, жүк тиегіштің шамасы:

$$G_{\text{гр}} = \frac{G \cdot d - \frac{G \cdot a}{g} h_1}{c + \frac{a}{g} h} = \frac{1400 \cdot 0.8 - \frac{1400 \cdot 2}{9.81} \cdot 0.7}{1 + \frac{2}{9.81} \cdot 2} = 668 \text{ кгк};$$

Жүк тиегіштің қауіпсіз эксплуатациялануы үшін қозғалыс үдегенде $a = 2 \text{ м/с}^2$ және жүк көтеру биіктігі 2 м болуы қажет, және де жүк салмағы 668 кгс тен аспау керек.

Раманың алдыға $\alpha = 10^0$ көлбеу болғанда, жүк тиегіштің жүк көтеруі:

$$G = \frac{1400 \cdot 0.8 - \frac{1400 \cdot 2}{9.81} \cdot 0.7}{1 + \frac{2}{9.81} \cdot 2 + 2 \text{tg} 10^0} = 526 \text{ кгк};$$

Раманың 10^0 -қа көлбеу болуы, жүк тиегіштің жүк көтеруін 22 %-ға төмендетеді. $\alpha = 10^0$ - артқа қарай көлбеу жүк тиегіштің жүк көтергіштігі:

$$G_{\text{зр}} = \frac{1400 \cdot 0.8 - \frac{1400 \cdot 2}{9.81} \cdot 0.7}{1 + \frac{2}{9.81} \cdot 2 - 2 \text{tg} 10^0} = 770 \text{ кгк}.$$

4 Экономикалық бөлім

4.1 Есептеудің жаңа әдісін қолдану арқылы экономикалық тиімділікті анықтау

Өндірістің жаңа техникасы мен технологиясына технико-экономикалық тиімділікті енгізу, ғылыми-техникалық прогресті дамыту жалпы салыстыру жолымен бағаланады [3, 11].

Жалпы салыстырғанда, автоматтандырылған режимде жүк бекітпесінің есептелуіне мүмкіндік беретін жаңа программалық өнімді енгізуде тек қаржылық өзгерісі бар экономикалық тиімділіктің салыстырмалы көрсеткішін анықтау үшін берілген өңделген есептеу бойынша шектеулер қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мұндай тиімділіктің негізгі көрсеткіші ағымдағы шығындар болып табылады.

Экономикалық тиімділік әр нұсқа бойынша ағымдағы шығындардың айырмасын көрсетеді [11]:

$$\Delta \mathcal{E} = \mathcal{E}_{\text{руч}} - \mathcal{E}_{\text{авт}} . \quad (4.1)$$

Әр нұсқа бойынша шығындарды анықтауда тек қана инженер-техника жұмыскерлерінің еңбегін төлеу шығынын $Z_{\text{от}}$, электроэнергия шығынын $\mathcal{E}_{\text{эл}}$ және қосымша шығындарын ескереміз, яғни:

$$\mathcal{E} = Z_{\text{от}} + \mathcal{E}_{\text{эл}} + \mathcal{E}_{\text{накл}} . \quad (4.2)$$

Еңбек төлеу шығынын инженер-техника жұмыскерінің сағаттық тарифтік мөлшерін ескере отырып, мына формула бойынша анықтаймыз:

$$Z_{\text{от}} = Z_{\text{ч}} t_p (1 + 0.5)(1 + 0.15) , \quad (4.3)$$

мұнда t_p - жұмысты орындау ұзақтығы;

0,5 – қосымша және сыйлық ақы төлемдерін ескеретін коэффициент;

0,15 – зейнетақы қоры және басқа да әлеуметтік төлемін ескеруші коэффициент.

Электроэнергия шығыны жарық шығынынан $\mathcal{E}_{\text{осв}}$ және ЭЕМ жұмысынан $\mathcal{E}_{\text{ЭВМ}}$ тұрады:

$$\mathcal{E}_{\text{эл}} = \mathcal{E}_{\text{осв}} + \mathcal{E}_{\text{ЭВМ}} , \quad (4.4)$$

$$\mathcal{E}_{\text{осв}} = P_{\text{осв}} t_{\text{осв}} \text{Ц} , \quad (4.5)$$

$$\mathcal{E}_{\text{ЭВМ}} = P_{\text{ЭВМ}} t_{\text{ЭВМ}} \mathcal{C}, \quad (4.6)$$

мұнда $P_{\text{осв}}, P_{\text{ЭВМ}}$ – жарық және ЭЕМ қуаттылығы ($P_{\text{осв}} = 0.2 \text{ кВт/ч}$, $P_{\text{ЭВМ}} = 0.3 \text{ кВт/ч}$);

$t_{\text{осв}}, t_{\text{ЭВМ}}$ – жарықтың және ЭЕМ жұмысының ұзақтығы ($t_{\text{ЭВМ1}} = 36,2 \text{ сағ}$, $t_{\text{ЭВМ2}} = 15,22 \text{ сағ}$);

\mathcal{C} – 1 кВт/сағ құны ($\mathcal{C} = 4.25$ теңге).

Электроэнергия шығынын анықтауда жалпы жұмыс уақытынан схемадан тыс жарық 70% қосылулы деп есептейміз. Бірінші нұсқада ЭЕМ анықтама қағазын дайындауда жұмыс атқарады, ал екінші нұсқада жұмыс күні бойы атқарады.

Қосымша шығындар еңбекақы қорының пайыздық қатынасымен анықталады және бұл өндірісте 50% құрайды.

Экономикалық тиімділіктің барлық есептеулері 4.1-кестеде келтірілген. Бір схеманы дайындауда жаңа программалық өнімді енгізуден ағымдағы шығынның орташа үнемділігі мынаны құрайды:

$$\Delta \mathcal{E} = 41886.85 - 11913.4 = 29973.45 \text{ теңге.}$$

4.1 Кесте - Келтірілген шығындардың есептелуі

	Еңбек сыйымдылығы t_p , сағ	Орындаушылар			$\mathcal{Z}_{\text{от}}$, теңге	$\mathcal{E}_{\text{эл}}$, теңге	$\mathcal{E}_{\text{накл}}$, теңге	Барлық шығын
		қызметі	саны	\mathcal{Z}_q , теңге				
1	36,2	Инженер	1	302	27912	18.85	13956	41886.85
		Техник	1	145				
2	15,22	Инженер	1	302	7929	19.4	3965	11913.4

Ашық жылжымалы құрамда жүкті бекітуді автоматты түрде есептеудің жаңа әдісі арқылы пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне және жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға әсер ететін орындалған есептеулердің сапасын жоғарлату және қате пайда болу ықтималдығын қысқарту факторларын ескермегенде бір схема арқылы уақытты үнемдеп, 29973,45 теңге көлемінде экономикалық тиімділікті алуға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жұмыста жүк автомобильдерде көліктік пакеттерді тиімді орналастыруын және бекітуін қарастырылған.

Дипломдық жұмыста ыдысты-дара жүктерді пакеттеуде қолданылатын табандықтардың классификациясы, олардың геометриялық параметрлері, конструкциялары келтірілген. Жүктерді табандықта орналастыру тәсілдері және көліктік пакеттерді жасау әдістері мен технологиясы қарастырылған. Көліктік пакет жасауда пайдаланылатын үш түрлі пленкада термикалық кемитін, созылатын және биотаралатын орайтын машталар келтірілген.

Көліктік пакеттерді тиеу, түсіру, сұрыптау және сақтау жұмыстарының технологиясы қарастырылған. Табандықта көліктік пакеттерді жасауда жүктерді орналастыру сұлбасы оның орайтын созылмалы пленка қалыңдығы және бекітілуін есептеуі MathCAD есептеуіш программасының мүмкіндігін қолдана отырып орындалған. Көліктік пакетті автокөлікте рациональды орналастыру сұлбасы қарастырылып Жылжымалы құрамдардың жүк көтерімділігін пайдалану коэффициенті бойынша MA3-533602 автомобильді СЗАП 83551 тіркемесін таңдалған.

Өміртіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау сұрақтарында электртіегіштің жүккөтерімділігі қарастырылған. Есептеудің жаңа әдісін қолдану арқылы жұмыстың экономикалық тиімділікті анықталған. Есептеулер нәтижесі бойынша экономикалық тиімділік 29973,5 теңгені құрады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол болашаққа бастар жол» жолдауының бесінші бөлімі.
2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы.
3. А.В. Вельможин, В.А. Гудков, Л.Б. Миротин, А.В. Куликов. Грузовые автомобильные перевозки. – М.: Горячая линия - Телеком, 2007. – 560 с.
4. Даусеитов Е.Б. Транспортно-грузовые системы на транспорте: Учебное пособие. - Алматы: КазНИТУ, 2016, 306 с.
5. Жаңбыров Ж.Г. Жүктерді тасымалдаудың ұйымдастыру және басқару. - Алматы, Бастау, 2007. – 176 б.
6. Бекмаганбетов М.М. Қазақстанның автомобиль көлігі. - Алматы, Бастау, 2005. – 154 б.
7. Майборода М. Е. Грузовые автомобильные перевозки. – М.: Высшая школа, 2007. – 316 с.
9. Бекжанова С.Е., Бекжанов Д.З., Бекжанов З.С., Битилеуова З.К. Жүктерді тиеу-түсіру жұмыстарының технологиясы және механикаландырылуы. Алматы, КазАТК, 2006, 184 б.
10. Инструкция по перевозке крупногабаритных и тяжеловесных грузов автомобильным транспортом по дорогам РК. Утверждена министром транспорта и коммуникации Республики Казахстан 27.05.96.
11. Бронштейн Л.А. Экономика и планирования автомобильного транспорта. - М.: Транспорт, 2003. – 276 с.
12. А.И. Воркут. Грузовые автомобильные перевозки. - Киев, Высшая школа, 2000. – 288 с.
13. Е.В. Сарафанова. Грузовые автомобильные перевозки. – М.: Изд. Центр «МарТ», 2006. – 278 с.
14. Резер С.М. Оптимизация процессов грузовых перевозок. – М.: Наука, 1980. – 296 с.
15. Салов А.И. Охрана труда на предприятия автомобильного транспорта. – М.: Транспорт, 1985. - 350 с.

Қосымша А

А.1. Ыдысты-дара жүктердің (ЫДЖ) сипаттамасы

Жүктердің тасымалдауға жарамдылығы көбіне олардың буып-түйілуіне – қаптамасына байланысты. Қаптама дегеніміз – бұл тасымалдау ыдыстарының, сондай-ақ қосалқы буып-түю құралдарының жиынтығы [3, 4, 9].

Тиеу-түсіру жұмыстарының барысында өнімге, оның тасымалдануы мен сақталуына сыртқы факторлардың мынадай негізгі үш тобы – механикалық, климаттық және экологиялық факторлар әсер етеді. Жүктердің қаптамасы осы факторлардың әсерін ескере отырып таңдалуы тиіс. Қаптама өзінің негізгі қызметімен қатар, тиеу-түсіру, қойма жұмыстарының орындалу ыңғайлылығын, жүкті көп қабатқа қатарлап жинау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жол желісі арқылы алуан түрлі жүктер тасымалданады, олардың бір тобы жеке-дара жүктер болады. Өзге жүктерден айырмашылығы – мұндай жүктерді бір-бірлеп санау қиын емес.

Тауар салатын ыдыс (тара) дегеніміз – бұл жүктерді сақтап тасымалдау үшін дайын өнімдер, яғни шикізат пен шала өнімдер салынатын сыйымдылық, қабықша [3, 4, 9].

Ыдысты-қаптама жүк дегеніміз – бұл қапқа, қапшыққа, қорапқа және т.с.с. салынып буып-түйілген жүк.

Ыдысты-дара жүк дегеніміз – бұл негізінен теміржол және автомобиль көліктерімен тасымалданатын, барынша бағалы әрі халық шаруашылығында жиі тұтынылатын жүктер. Сондықтан тасымалдау кезінде олардың сақталуына аса көңіл бөліп, жабық қоймаларда сақтайды. Тіпті жол үстінде неғұрлым бағалы жүктерді әскери күзет қорғайды. Мұндай жүктерді контейнер ішіне салынған қапшықтар, яғни көлік қапшықтары түрінде жабық, ашық вагондармен, платформалармен тасымалдайды. Дара жүктер мен қапшықтарды жабық вагондарда көп жағдайда екі қабат етіп қалайды, ауыр жүктерді бір, жеңіл жүктерді – екі қабат етіп орналастыруға болады.

Тараның екі түрі белгілі [3, 4, 9]:

- тұтыну тарасы;
- көлік тарасы.

Тара ғылыми-зерттеу институты бар, онда нормативтер, техникалық жағдайлар және мемлекеттік стандарттар (мысалы, МЕСТ17527 – 86) жасалады.

Тұтыну тарасы тұтынушының күнделікті пайдалануына ыңғайлы болып жасалады.

Көлік тарасы екі түрлі қызмет атқарады:

- жүк орындарын ірілендіру;
- тасымалдау кезінде жүкті зақымданудан, сыртқы күштердің әсерінен қорғау.

Ірілендірілген жүк орындары тиеу-түсіру машиналарын қолдануды арттырады, вагондардың бос тұрып қалуын азайтады, тасымалдаудың өзіндік құнын кемітеді және т.с.с.

Табандықтар, контейнерлер, ірі жәшіктер, бөшкелер, барабандар, қаптар, флягалар көлік тараларына жатады. Олардың салмағы мен көлемдері әр қилы, қолданылу аясы өте кең болады.

Жәшік – түбінде параллель қимасы бар, тікбұрышты, екі бүйірлік және қапталдық қабырғасы бар, қақпақты және қақпақсыз корпусты көлік тарасы.

Бөшке – сыртына құрсау немесе дөңгелету ирегі салынған, түбі бар, цилиндр немесе парабола корпусты көлік тарасы.

Барабан – сыртында құрсауы немесе дөңгелету ирегі жоқ, түбі жалпақ, цилиндр пішінді тегіс немесе кеңірдек тәрізді корпусты көлік тарасы.

Қап – түбі мен мойны бар, жең пішінді корпусты, көп айналымды көлік тарасы, мойны ашық немесе жабық болады.

Фляга – цилиндр пішінді корпусы, мойны бар көп айналымды көлік тарасы, мойнының диаметрі корпусының диаметрінен кіші, тасымалдауға арналған тетігі, төгетін аузы және бекітілетін қақпағы болады.

Темір жолмен тасымалданатын барлық жүктердің ішінде жеке-дара жүктерді тасымалдауға көп шығын жұмсалады. Көмір, күм, қиыршықтас секілді үйінді жүктер темір жолмен тасымалданатын жүктердің ішіндегі ең ауыры болып саналады. Олар тасымалданатын жүктердің жалпы мөлшерінің шамамен 50 %-ын құрайды, ал жеке-дара жүктер –10 %-ын түзеді. Алайда жеке-дара жүктер бағалы жүктер болып есептеледі. Оларды тасымалдауға жабық жылжымала құрам, сақтауға – қымбат қойма, тиеп-түсіруге ТТМ-лары қажет болады. Сондықтан мұндай жүктерді тиеп-түсіру жұмыстарына еңбек шығындары көп жұмсалады – темір жолмен тасымалданатын барлық жүктердің шамамен 50 %-ы және олардың өзіндік құны да жоғары болады. Сұйық жүктерді құюға (тиеуге) немесе құйып алуға да көп шығын жұмсалады.


А.2 Әмбебап жайпақ табандықтар

Әмбебап жалпақ табандықтар (А.1- сурет) құрылысы жөнінен жоғарғы және төменгі ағаш төсемнен тұрады. Бұл төсемдер аралық қырлы ағаштар арқылы өзара шегелермен бекітіледі, төсемдердің жиектеріне орналасқан қырлы ағаштардың арасында электр тиегіштердің ашалы ілмегі енетіндей кемінде 100 мм саңылау болады [4, 9].

Барынша кең таралған табандықтардың ені мен ұзындығы тиісінше 800 және 1200 мм болып қабылданған. Жүктің биіктігі 2700 мм-ге дейін жетеді.

Көп айналымды табандық бірнеше айналым жасайды.

Бұған қоса, бір төсемді және екі кірмелі әмбебап жалпақ табандықтар бар. Бұл табандықтар құрылысы жөнінен ағаштан жасалған жалпақ төсем болып табылады, олардың жиектеріне екі қырлы ағаш шегелермен бекітілген (А.2- сурет). Мұнда жүктің биіктігі 1800 мм-ге дейін жетеді.




1 – төменгі төсем; 2 – жоғарғы төсем; 3 – ыдысты-дара жүктер;
4 – дара жүкті іліп алу; 5 – қырлы ағаш

А.1- сурет - Әмбебап жайпақ табандық


Табандықтардың өлшемдері стандартқа келтірілген, мәселен, мемлекеттік стандартқа сәйкес табандықтардың негізгі өлшемдері мынадай, мм: барынша кең таралған табандықтың ені мен ұзындығы тиісінше 800 және 1200 мм. Осындай өлшемді табандықтар автомобильдің шанағына немесе вагонға, сондай-ақ контейнерге де жақсы орналасады.

Сонымен қатар, қырлы ағашы жоқ жалпақ табандықтар да бар (А.3-сурет). Жүктерді бір қабат етіп орналастыруда олардың биіктігі 1800 мм-ден аспайды, яғни тасымалдау кезінде олардың орнықтылығын сақтау үшін мұндай жүктердің биіктігі шектеулі болады.



1 – жалпақ төсем; 2 – жеке-дара жүктер; 3 – дара жүкті іліп алу саңылауы;
4 – қырлы ағаш

А.2- сурет - Әмбебап жайпақ табандық




1 – жалпақ төсем; 2 – дара жүк

А.3- сурет - Әмбебап жайпақ табандық

Жүктерді екі қабат етіп орналастыруда олардың биіктігі 2700 мм-ге жетеді, яғни әрбір қабаттың аралығына 1350 мм-ден келеді, ал үш қабат етіп орналастыруда – қабаттардың арақашықтығы 900 мм болады (А.4- сурет).


Электр тиегіштердің ашалары кіретін биіктігі 100 мм-ден аспайтын қырлы ағашты жалпақ табандықтар (2.7-сурет). Бұлар – көп айналымды. Табандықтар металл, пластмасса және басқа материалдардан жасалады. Табандықтардың өлшемдері негізінен – 840x1200 мм, жүк көтерімділігі – 1 тс.

Тіректі табандықтар (2.8-сурет) әдетте 4 кірмелі етіп жасалады да, биіктігі 100 мм-ден аспайтын тұғырларға тіреледі. Оларда шыбықтардан жасалған төрт тіректі бұрап кіргізуге арналған бұрандалы төрт тесік болады. Тіректер жүктерді құлап қалу мен жылжып кетуден сақтандырады. Олар көп айналымды. Табандықтар тіректерімен қоса жүкті жөнелтушілерге қайтарылады.



1, 2 және 3 – төменгі, ортаңғы және жоғарғы жалпақ төсемдер

А.4- сурет - Әмбебап жалпақ табандық




1 – жалпақ табандық; 2 – жеке-дара жүктер; 3 – ілу саңылаулары; 4– қырлы ағаш; 5 – орамдағыш материалдар

А.4- сурет - Қырлы ағашты жалпақ табандықтар

Өлшемдері – 835 x 1240 x 1150 мм, жүк көтерімділігі 1 тс. Мұндай табандықтарда күрделі пішінді жүктерді орналастыруға болады. Жүгі бар табандықтарды қоймаларда төрт, жабық вагондарда – екі қабат етіп қалауға болады.

Жәшік табандықтар металдан жасалады және биіктігі 100 мм-ден аспайтын тұғырларға тіреледі. Олардың топсамен қосылған бүйір қабырғалары табандықтарға орналастырылатын жүкті құлап қалу мен жылжып кетуден сақтандырады. Ағаштан жасалған қабырғалары кереге көзді немесе тор көзді болады. Қабырғалар бос қайтарыларда табандықтардың бетіне бірінің үстіне бірі қаланады. Жәшік табандықтарда өлшемдері мен жүк көтерімділігі жоғарыда қарастырылғандай. Мұндай жәшік табандықтарда уақ-түйек жүктерді буып-түймей-ақ немесе жеңіл қаптамамен, мысалы, қағазға орап та орналастыруға болады.



1 – металл табандық; 2 – топса; 3 – бүйір қабырғалары


А.5- сурет - Тұғырлы жәшік табандықтар

Қосымша Б

Б.1 Ыдысты-дара жүктер қоймасы

Қоймалардың белгілі бір түрін таңдау тәуліктік вагон ағындарының мөлшеріне $n_{\text{тәу}}$ байланысты. Үлгі қоймаларға сәйкес көліктік пакеттермен жұмыс істеудің 6 технологиялық үлгі сызбасы бар, олар Б.1-кестеде келтірілген [4].

Тиеу-түсіру жұмыстарын мүмкіндігінше тікелей нұсқа бойынша атқару керек. Тікелей нұсқаны 2-сызбаға сәйкес орындауға болады (Б.1- сурет).



1 – жабық вагон; 2 – өтпелі көпірше; 3 – жеке-дара жүктер; 4 – электр тиегіш немесе автотиегіш; 5 – қойма; 6 – автомобиль

Б.1- сурет - Жүкті вагоннан түсірудің төте нұсқасы

Бұл нұсқада вагондағы жүктерді «тікелей» нұсқа бойынша электр тиегіштердің көмегімен тікелей автомобильге тиейді. Мұның өзіндік құны минималь болады .

Жабық вагондарда жеке-дара жүктер мен пакеттерді көбіне екі қабат етіп жинайды, ауыр жүктерді бір, ал жеңіл жүктерді – үш қабат етіп жинауға рұқсат етіледі.

Тиеу-түсіру және сорттау жұмыстарының технологиясы мынадай:

- дайындық операциялары: пломбаларды алып, есіктерді ашу, вагондарды коммерциялық тексеру, өтпелі көпіршені жеткізу және орнату, бос табандықтарды тиегішпен вагондарға жеткізу;

- жергілікті жеке-дара жүктерді түсіру – алдымен вагонның орталық бөлігі, одан соң бүйірдегісі жүктен босатылады, одан соң жүкті таразыда өлшейді;

- транзиттік жеке-дара жүктерді сорттау;







- жөнелтілетін жеке-дара жүктерді вагондарға (мүмкіндігінше толығымен) тиеу;

- қорытынды операциялар – өтпелі көпіршелерді алу, вагондардың есіктерін жабу және босаған табандықтарды жинау.

Ыдысты-дара жүктерді сақтау әдістері.


Ыдысты-дара жүктерді қатарлап және сөрелеп сақтайды. Жүктерді қатарлап сақтаудың мынадай кемшіліктері байқалады:

Б.1 Кесте - Ыдысты-дара жүктердің технологиялық сызбасы

№	Тәуліктік вагон ағыны	Қоймалардың түрлері	Қоймада жүктерді сақтау әдісі	Тиеу-түсіру машиналары	Жүк операцияларының түрі
1	2	3	4	5	6
1	20	Темір жол тармағы мен автомобиль жолдарысыртта орналасқан 	Қатарлап	Электр тиегіш, автотиегіш	Тиеу түсіру
2	25-ге дейін	Бір темір жол тармағы ішке енгізілген және сыртқы автомобиль жолы бар 	Қатарлап, сондай-ақ 3 қабатты	-	Тиеу Түсіру сорттау
3	50-ге дейін	Екі темір жол тармағы ішке енгізілген және сыртқы автомобиль жолы бар 	-	-	Тиеу Түсіру сорттау
4	100-ге дейін	Төрт темір жол тармағы ішке енгізілген және сыртқы автомобиль жолы бар 	-	Едәуір өнімді тиегіштер	Тиеу Түсіру сорттау
5	Кез келген вагон ағыны	Екі темір жол тармағы ішке енгізілген ангар үлгісіндегі қойма 	-	-	Транзит жүктерді сорттау
6	Кез келген вагон ағыны	Ішке енгізілген төрт темір жол тармағы және сыртқы автомобиль жолдары бар автоматтандырылған жабық қойма 	Биіктігі 16м-ге дейін жеткізілетін сөрелеу әдісі	Электр тиегіш, автотиегіш (пайдаланылған газдар бейтараптандырылады), сөрелегіш крандар мен әртүрлі конвейерлер	Тиеу Түсіру сорттау

- қойманың биіктігі жеткілікті пайдаланылмайды;
- жүктің сақталуы қамтамасыз етілмейді;
- кешенді-механикаландырылған бригаданың (КМБ) және тиеу-түсіру машиналарының (ТТМ) жүк бірлігіне жетуі қиындатылған.

Негізінен үш қабатты сөрелер пайданылады (Б.2- сурет). Олар секциялар түрінде металдан жасалады, оларды қозғауға және басқа жерге орналастыруға болады. Әрбір ұяның ені – 1600 мм. Төменгі ұяның биіктігі – 1050 мм. Екінші қабаттың биіктігі – 2650 мм. Үшінші қабаттың ең жоғары биіктігі – 2800 мм, бұл электр тиегіштің немесе автотиегіштің жүк көтергіш қареткасының ең жоғары көтеру биіктігіне сай келеді. Әрбір қабатта төрт ұядан болады. Сөйтіп, үш қабатты сәкіде 12 ұя орналасады. Ең көп таралған табандықтың өлшемі 800-1200 мм екенін есімізге түсірейік. Қойманың ортасы мен өткелдерінде қосарланған сөрелер сап түзеп тұрады [9].



Б.2- сурет - Үш қабатты сөрелер: а – алдынан қарағандағы көрінісі; в – бір қабат сөре; с – қосарланған сөрелер

Қоймада тұрақты сөрелерден басқа роликтерді бойлай қозғалатын жылжымалы сөрелер болады.

Жеке-дара жүктерді сөрелерде сақтаудың мынадай артықшылықтары бар:

- қойманың биіктігін жақсы пайдалану, яғни оның қажетті ауданы кемиді;
- тасымалдау кезінде жүктің зақымдануы азаяды, яғни жүк жақсы сақталады;

- керекті жүкті табу жеделдейді, демек жеке-дара жүктерді тиеу-түсіру де тездейді, өйткені ұяның нөмірі бойынша жүктің орны тез табылады.

Жүктерді сөреде сақтау әдісі прогресшіл әдіс болып табылады.

Жеке-дара жүктерді тасымалдауды дамытудың перспективтік бағыттары

Жеке-дара жүктерді тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстары кезінде теміржолшылардың алдында белгілі бір қиындықтар тұрады. Олар:

- көптеген еңбек шығындарына әкеп соқтыратын қолмен атқарылатын операциялардың басым болуы;

- жеке-дара жүктерді бөлшектеп жөнелту, яғни әр түрлі жүк қабылдаушылардың жүктерін бір вагонға тиеу (мәжбүрлі құрама вагон құрастыру);

- жеке-дара жүктерді жөнелтушілерден оларды қабылдаушыларға дейін жеткізетін жолай стансаларда сорттау жұмысын жүргізуге тура келетіндіктен, сортталатын транзиттік жүктердің көп болуы;

Жеке-дара жүктер вагондап тиеу әдісімен жөнелтілетін болса, оларды жолай стансаларда сорттау қажеттігі жойылар еді.

Осындай жағдайды басшылыққа ала отырып, жеке-дара жүктер тасымалын дамытудың мынадай негізгі бағыттарын тұжырымдауға болады:

- майда жөнелтілімдерді және жолай стансаларда сорттау жұмысын жүргізуді азайту;

- жеке-дара жүктер қойылатын орындарды ірілендіру, оларды пакеттерге салу, пакет жасайтын машиналарды және пленкаларды қолдану;

- ыдысты-дара жүктерді контейнерлермен (тіпті пакеттермен) тасымалдау;

- аккумуляторлы электр тиегіштерді шағын габаритті дизельді автотиегіштермен алмастырып, пайдаланылған газдарды бейтараптандыру;

- ішкі теміржол тармақтары бар қоймалар салу, жүкті қатарлап сақтауды сөрелерде сақтау әдісімен алмастыру, сөрелегіш крандарды, роботтар мен манипуляторларды қолдану есебінен тиеу-түсіру жұмыстарын және қоймаларда атқарылатын операцияларды автоматтандыру.

Б.2 Ыдысты-дара жүктерді тиеу-түсіру жұмыстарының технологиясы

Теміржол стансаларының жалпы жұрт пайдаланатын орындарында жүк тиеу-түсіру операцияларын атқару технологиясы «Жүк стансасы жұмысының технологиялық үлгі үрдісі» деп аталатын 9-тараудың талаптарын ескере отырып жасалады [4, 9].

Ыдысты-дара жүктерді тиеу-түсіру жұмыстарын кешенді-механизацияландырудың үлгі сызбасы шағын габаритті электр тиегіштерді, оның ішінде кабельді қоректендірілетін тиегіштерді және автотиегіштерді, стандартты табандықтарды қолдануды және қоймаларды бөлшектеп жөнелтілетін жүктер жиналып, сақталатын сөрелермен жабдықтауды көздейді.

Жөнелтуге қабылданған жүктер мен атқарылатын операциялардың мынадай тәртібі ұсынылады.

Кешенді механизацияландырылған бригаданың (КМБ) бригадирі жүкті қабылдап-тапсырушыдан автомобильдердегі жүктерді түсіріп, оларды қай жерге жинау керектігі жөнінде нұсқау алады. Жүкті қабылдап-тапсырушының нұсқауы бойынша жүк тиелетін вагондар қоймалардың бағыттарға мамандануын, қабылданған орындардың санын анықтау және қойманың сыйымдылығын барынша толық пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, телімдерге бөлініп беріледі. Жүкті қабылдап-тапсырушы бұған қоса, жүкті вагонға тиеудің кезектілігі мен тәртібін анықтайды және механикаландырылған бригадаға бос вагондардың жүк тиеуге берілетін уақытын хабарлайды. Жүкті қабылдап-тапсырушы коммерциялық түрғыдан вагонның жарамдылығын анықтаған соң бригада тиеу жұмыстарына кіріседі.

Жүктерді тиеу жұмысының барысында КМБ жүкті қабылдап-тапсырушының бақылауымен бекітілген жүк тиеу сызбасына сәйкес жүктердің дұрыс жиналуы мен бекітілуін қамтамасыз етеді.

Ыдысты-дана жүктерді вагондардан түсіріп, автомобиль көліктеріне тапсыру мынадай тәртіппен атқарылуға тиіс.

Жүгі түсірілетін вагондарды беру алдында жүкті қабылдап-тапсырушы қызметкер түсіретін орындарды анықтайды, вагондардың жүк түсіру кезектігін белгілейді және КМБ-ны алда тұрған жұмыстың жоспарымен таныстырады.

Жүк түсірілетін алаңға қойылған вагондарды коммерциялық тексеруден кейін жүкті қабылдап-тапсырушы қызметкер олардың пломбаларын алып, КМБ бригадиріне жұмысқа кірісу жөнінде нұсқау береді. Қойманың рампасы мен вагонның ашық тұрған есігі арасына өтпелі көпірше қойылады.

Пакеттерге салынып, табандықтармен және табандықтарсыз келетін жүктерді электр тиегіштердің немесе пайдаланылған газдарды бейтараптандыра отырып, автотиегіштердің көмегімен түсіреді.

Пакеттерге салынбаған жүктерді вагондардан түсіру барысында оларды табандықтарға қойып, электр тиегіштерімен вагонның ішіне кіргізеді. Жүктерді жинаумен айналысатын жұмысшылардың саны жүктердің пішіні мен массасына байланысты.

Жүктерді түсіру барысында оны қабылдап-тапсырушы қызметкердің жүктерді арнайы таңбалау талаптарын сақтай отырып, жүктерді дұрыс жинау жөніндегі нұсқаулары орындалады.

Жүк түсіріліп болған соң КМБ жұмысшылары вагонның шанағын тазартып, қабылдап-тапсырушы қызметкерге өткізеді де, есіктерін жабады.

Қоймада пакеттерді сөрелерге 2-3 қабат етіп орналастырады. Қойма ішін тиімді пайдалану үшін жүктерді бірнеше қабат етіп жинау ұсынылады, ол үшін жүкті 4-5 м биіктікке дейін көтеретін ашалары бар электр тиегіштер пайдаланылуы мүмкін. Пакеттерді биік қатарлап жинауда олардың орнықтылығына айрықша көңіл бөлінуі тиіс.

КМБ жұмысшылары жүкті қабылдап-тапсырушы қызметкердің рұқсатын алғаннан кейін ғана қоймадағы жүктерді автомобильдерге тией бастайды.

Пакеттерді автомобильдердің шанақтарына тиеу үшін қоймалар көркем ойықтар салынған рампалармен немесе сатылы рампалармен және автомобиль шанағының жартысына дейін енгізілетін арнайы ұзартылған өтпелі көпіршелермен жабдықталуы тиіс. Сатылы немесе әдеттегі рампа қолданылатын жағдайда табандықтардағы алғашқы пакеттер шанақтың жиегіне қойылып, оның түкпіріне электр тиегішпен жылжытылады.

«Вагон-автомобиль» деп аталатын тікелей тиеу нұсқасы барынша тиімді, әрі үнемді нұсқа болып табылады, оны қамтамасыз ету үшін автомобильдер қатаң түрде график бойынша беріліп отыруға тиіс.

Ыдысты-дара жүктерді вагондар мен автомобильдерге тиеп-түсіруде қызметкерлердің ыдысты басы және өрт қауіпсіздігі ережелері, сондай-ақ вагондар мен жүктердің сақталуына кепілдік беретін жұмыстарды атқару шарттары сақталады.

Ыдысты-дара жүктермен жұмыс жүргізуде, тиеу-түсіру жұмыстары кезінде жүктердің сақталуы, бекітілуі, реквизиттердің орнатылуы және алынуы, жылжымалы құрамның шанақтары мен есіктерінің, люктерінің жабылуы үшін жауаптылық КМБ-ге жүктеледі.

Жүктерді қоймаларда жинау және сорттау, иелеріне жөнелту, сондай-ақ оларды вагондармен тасымалдау жағдайын басшылыққа ала отырып, жалпақ табандықтардың қажетті санын әрбір станса мен өндірістік телімдер үшін ыдыстылей, дистанция үшін тұтастай есептеп шығарады.

Б.2 Көліктік пакетті автокөлікке орналастырудың рациональды сұлбасын таңдау

Дипломдық жұмыста нормативтік-техникалық құжат талабына жауап беретін, гофрланған картон тарасына қапталған жиһазды (мебельді) қарастырамыз. Барлық алынатын фурнитуралар пакетке немесе қорапқа жайластырылып ящиктердің біріне қойылуы керек. Жиһаздың қаптамасында манипуляционды белгілер қойылады «Хрупкое. Осторожно», «Верх», «Беречь от влаги». Жиһаз жабық көлік құралдарымен тасымалданады. Гофрланған картонды қораптар жиһаз жасайтын зауытта МЕСТ 2991-85 бойынша типтері Ш-1 өлшемдері 600x400x400 ящиктерге салынады. Әрбір ящиктің масасы 110 кг. Ящиктің масасы ≈ 10 кг. Сондықтан жалпы бір көлік бірлігінің (көліктік пакеттің) массасы 120 кг құрайды. Ящиктерді пландағы өлшемдері 800x1200 мм, массасы 15 кг жүккөтерімділігі 1 т МЕСТ9078-94 бойынша 2ПВ4ДС табандыққа планда 4 ящиктен екі қатарлап орналастырылады (Б1- сурет). Ящиктерді қалыңдығы 0,5-2,0 мм және ені 30 мм дейін болған болат лентамен орайды. Ленталардың ұштарын құлыптайды немесе екі нүктелі пісіру шовы жәрдемімен тұйықтайды.

Табандықтың жүкпен жалпы массасы

$$Q = 8 \times 120 + 15 = 975 \text{ кг.}$$

Жүккөтерімділікті пайдалану коэффициенті:


$$\gamma = \frac{880}{975} = 0,9$$

Табандықтарды тиеуді ЭП-1639 электртриегішпен орындайды (Б.2- сурет). Электртриегіш мынадай техникалық сипаттамаларға ие:

- жүккөтерімділігі – 1,6 т.;
- ауырлық центрінен аша қабырғасына дейінгі ара қашықтық – 500 мм;
- көтерудің номиналь биіктігі – 3000 мм;
- жүкті көтеру жылдамдығы – 1,5 м/мин;
- жүкпен қозғалу жылдамдығы – 3,3 м/с;
- жүксіз қозғалу жылдамдығы – 4,2 м/с.

Көліктік пакеттерді тасымалдау үшін КАМАЗ-53215 СЗАП 83571 тіркемесімен және МАЗ-533602 СЗАП 83551 тіркесімен автомобильдерді таңдаймыз [3, 8, 13]. Ең өнімділігі жоғары көлігі таңдау үшін Б.1- кестеде

келтірілген жылжымалы құрамдардың техникалық- пайдалану параметрлерін салыстырамыз. Таңдалған автомобильдер Б.3-Б.4- суреттерде келтірілген.




Б.1- сурет – Көліктік пакетті табандықта орналастыру сұлбасы




Б.2- сурет – ЭП-1639 электротиегіші

Б.1 Кесте – Жүк автокөліктерінің сипаттамалары

Марка автомобиля	КАМАЗ-53215	МАЗ 533602
грузоподъёмность	11000	9800
Расход топлива л/100 км	28	24
Мощность двигателя л.с.	210	300
Внутренние размеры кузова	6100*2320*595	6100*2152*580
Марка прицепа	СЗАП 83571 (1)	СЗАП 83551 (2)
грузоподъёмность	10500	8800
Внутренние размеры кузова	6100*2320*500	6100*2320*500




Б.3- сурет - КамАЗ 53215 автомобилі




Б.4- сурет МАЗ-533602 автомобилі

Автомобильдер мен тіркемелерге көліктік пакеттерді (ящиктерді) орналастыру сұлбасы Б.5-Б.4- суреттерде келтірілген.


КамАЗ 53215 автомобиліне 10 табандық орналасады (Б.5- сурет) және СЗАП 83571 тіркемесіне 10 табандық орналасады (Б.6- сурет). МАЗ-533602 автомобиліне 10 табандық орналасады (Б.7- сурет) және жүккөтерімділігінің ескеріп СЗАП 83551 тіркемесіне 9 табандық орналасады (Б.8- сурет).




Б.5- сурет - КамАЗ 53215 автомобиліне табандықтардың орналасуы



Б.6- сурет - С3АП 83571 тіркемесіне табандықтардың орналасуы



Б.7- сурет - МА3-533602 автомобиліне табандықтардың орналасуы



Б.6- сурет - СЗАП 83551 тіркемесіне табандықтардың орналасуы

КАМАЗ-53215 автомобильдің СЗАП 83571тіркемесімен бірге жүк көтерімділігін пайдалану коэффициенті:

$$\gamma = \frac{21500}{19500} = 0,9$$

МАЗ-533602 автомобильдің СЗАП 83551тіркемесімен бірге жүк көтерімділігін пайдалану коэффициенті:

$$\gamma = \frac{18600}{18525} = 0,99$$

Жылжымалы құрамдардың жүк көтерімділігін пайдалану коэффициенті бойынша МАЗ-533602 автомобильді СЗАП 83551тіркемесін таңдаймыз.